



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Аккредиттеу кеңесі туралы ереже



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

«Аккредиттеу және рейтингтің
тәуелсіз агенттігі» КЕМ
директорының 2015 жылғы «15»
желтоқсандағы № 40-15 –ОД
бұйрығымен бекітілді
(2022 жылғы 09 наурыздағы
№45-22-ОД бұйрығымен енгізілген
өзгерістер мен толықтырулармен.)

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Аккредиттеу кеңесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Аккредиттеу кеңесі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану және танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдарының және білім беру бағдарламаларының тізілімін қалыптастыру қағидалары» 2017 жылғы 14 ақпандағы № 112 және 2016 жылғы 01 қарашадағы № 629 бұйрықтарына, білім беру ұйымдарын институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарына сәйкес әзірленді.

1.2 Аккредиттеу кеңесі (бұдан әрі – АК) бастауыш, орта, техникалық және кәсіби, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын, білім беру ұйымдары, біліктілікті арттыру институттары ұсынған, материалдарды алқалық және ашық қарастыру үшін, сондай-ақ институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу туралы шешімді қабылдау үшін құрылған, Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі - IAAR) кеңесші органы болып табылады

1.3 Өз қызметінде АК Қазақстан Республикасының заңнамасын, білім беру саласында Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерін, Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттар мен нұсқаулықты (ESG), IAAR Жарғысы мен нормативтік құжаттарын, сондай-ақ IAAR аккредиттеу стандарттары мен осы Ережені басшылыққа алады.

1.4 АК мүшелері өз функцияларын өтеусіз негізде жүзеге асырады.

1.5 Ешбір тұлға (тұлғалар тобы) АК шешім қабылдауға әсер етпеуі тиіс.

АК болжам, өсектер мен жорамалдарға сүйенбей, нақты фактілерге негізделіп шешім қабылдайды. АК мүшелері шешім қабылдау үшін, әділдік, жан-жақтылық және бар құжаттарды толық қарастыру қағидасы бойынша шешімді қабылдайды.

1.6 Өндірістік қажеттілік жағдайында IAAR АК мүшелерінің іссапар шығындарын өтеу мүмкін.

2. Аккредиттеу кеңесінің негізгі мақсаттары

2.1 АК негізгі мақсаттары:

1) аккредиттеу органының мәлімделген мәртебесіне және IAAR белгілеген институционалдық стандарттарына сәйкестікке білім беру ұйымдары сапасын бағалау материалдарын қарастыру;

2) IAAR мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарына сәйкестікке, білім беру ұйымы жүзеге асыратын, жеке білім беру бағдарламаларының сапасын сыртқы бағалау материалдарын қарастыру;

3) агенттіктің білім сапасын қамтамасыз ету сыртқы және ішкі жүйесін қолдау;

4) білім беру ұйымдарының және (немесе) ол жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларын аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдау

5) IAAR сыртқы сараптау комиссиясының ұсыныстарын жүзеге асыру бойынша білім беру ұйымдары және (немесе) білім беру бағдарламаларының аккредиттеуден кейінгі мониторинг бойынша сараптау комиссиясының аралық есептерін қарастыру болып табылады;

3. Аккредиттеу кеңесінің құрылымы және құрамы

3.1 АК құрамына мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, білім беру ұйымдары, ғылыми-зерттеу мекемелері, білім беру саласындағы халықаралық сарапшылар, жұмыс берушілер және студенттік бірлестіктердің өкілдері кіре алады. АК мүшелері білім беру саласында уәкілетті органмен, ассоциациялармен, кәсіби және студенттік бірлестіктермен ұсынылуы тиіс.

3.2 АК құрамына Төраға, төрағаның орынбасары және АК мүшелері кіреді.

3.3 АК Төраға басқарады, ал ол дәлелді себептермен болмаған жағдайда, Төрағаның функцияларын оның орынбасары атқарады.

3.4 Төраға және төрағаның орынбасары 3 жыл мерзімге дауыстардың көпшілігімен АК мүшелері арасынан сайланады және IAAR құрылтайшысының шешімімен бекітіледі. Төрағаның және төраға орынбасарының өкілеттік мерзімі өткеннен кейін сайлатуды жоғарыда аталған принцип бойынша жүзеге асырады. Өз міндеттерін тиісті орындаған жағдайда қызмет ететін Төраға мен төраға орынбасарының өкілеттік мерзімін АК мүшелері дауыстарының көпшілігімен ұзартуға болады.

3.5 АК мүшелерінің өкілеттілік мерзімі, әдеттегідей, бір мерзімге бес жылдан аспайды, бірақ олар бір реттен артық емес жаңа мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Студент үшін АК мүшесі ретінде сайлану мерзімі болып оның оқу мерзімі есептеледі.

3.6 АК мүшелері жазбаша өтініш негізінде өз қалауы бойынша Кеңестен

шығулары немесе АК шешімі бойынша Кеңес құрамынан шығарылуы мүмкін. АК мұндай мүшесінің өкілеттігі аталған хабарландыруды алған уақыттан бастап тоқтатылады.

АК мүшесі дәлелді себепсіз 5 (бестен) аса отырыстан қалса, IAAR аталған мүшені шығару туралы сұрақты АК отырысына шығару құқығын өзіне қалдырады.

3.7 IAAR әр түрлі ассоциациялардың, кәсіби және студенттік бірлестіктердің ұсыныстары бойынша АК құрамына жаңа мүшені кіргізу үшін АК кезекті отырысына шығарады.

3.8 IAAR директоры АК тұрақты мүшесі болып табылады. IAAR директоры АК төрағасы және төрағаның орынбасары ретінде сайлана алмайды.

3.9 АК әкімшілік қолдауды, IAAR директорының бұйрығымен бекітілетін және білім беру бағдарламасын немесе білім беру ұйымын бағалау рәсімдеріне қатыспайтын, сондай-ақ дауыс беру кезінде дауыс беру құқығы жоқ, IAAR қызметкері хатшы ретінде қамтамасыз етеді.

3.10 Хатшы АК отырыстарын ұйымдастырушылық-техникалық дайындауды қамтамасыз етеді, оның ішінде отырысқа дейін кемінде күнтізбелік 21 (жиырма бір) күн бұрын қаралатын материалдар мен сыртқы сараптама комиссиясының есептерін АК мүшелеріне уақтылы ұсынады, отырыстардың күн тәртібін, хаттамаларды (шешімдерді) дайындауды жүзеге асырады, АК мүшелерін отырыстың өткізілетін орны мен уақыты туралы хабардар етеді, Төрағаның тапсырмаларын және АК жұмысы жөніндегі басқа да әкімшілік функцияларды орындайды.

3.11 АК құрамы IAAR директорының бұйрығымен бекітіледі, оның саны 15 (он бес) адамнан кем болмауы тиіс.

3.12 АК мүшелері АК мүшесінің кодексіне қол қояды және оны сақтауға жауапкершілікті атқарады. Оны дөрекі бұзған жағдайда, АК мүшесі АК құрамынан шығарылуы тиіс.

3.13 АК мүшелері өз ұйымдары мүддесін білдірмейді және тәуелсіз сарапшылар ретінде қызмет етеді.

3.14 АК құрамы және оған кез-келген өзгерістер, толықтырулар, IAAR директорының бұйрығымен бекітіледі.

4. Аккредиттеу кеңесінің құқықтары

4.1 АК келесі шешімдерді қабылдауға құқығы бар:

1) аккредиттеу органның стандарттарына сәйкестікке бастауыш, орта, техникалық және кәсіби, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын, білім беру ұйымын, сондай-ақ біліктілікті арттыру институттарын аккредиттеу;

2) аккредиттеу органының стандарттарына сәйкестікке білім беру ұйымын институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуден бас тарту;

3) институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарына, сондай-ақ IAAR нормативтік құжаттарына сәйкес

институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу туралы куәліктің қызмет етуін тоқтату және (немесе) кері шақырту;

4) институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу бойынша құжаттар сараптамасына, білім беру сапасын бағалау саласындағы сарапшыларды, жұмыс берушілерді, білім алушылардың өкілдерін және шетел сарапшысын қатыстыру;

5) білім беру ұйымдарының және (немесе) білім беру бағдарламаларының IAAR сыртқы сараптау комиссиясының ұсыныстарын орындау бойынша аккредиттеуден кейінгі мониторингі бойынша есептерін қабылдау;

4.2 АК өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша, өзге шешімдерді қабылдауға құқылы.

5. Аккредиттеу Кеңесінің қызметін ұйымдастыру

5.1 АК қызметін ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз етуді IAAR жүзеге асырады.

5.2 АК өз қызметін отырыстар форматында өткізеді.

5.3 АК мүшелері онлайн режимде отырыстар жұмысына қатыса алады (бейнеконференция, бейне-қоңырау соғу, Skype және басқа). Қашықтан қатысу АК отырысына физикалық қатысуға теңестіріледі.

5.4 АК отырысын Төраға, ал ол болмаған жағдайда–Төрағаның орынбасары басқарады.

5.5 Аккредиттеу және аккредиттеуден кейінгі мониторинг бойынша материалдарды, сондай-ақ АК құзыреттілігіне кіретін өзге сұрақтарды қарастыру үшін, Кеңес отырысы жылына екіден кем емес рет қажеттілігіне қарай кворум болған жағдайда өткізіледі.

5.6 Отырысты АК Төрағасы, ал ол болмаған жағдайда–Төрағаның орынбасары шақыртады. АК хатшысы отырыс тәртібін және білім беру ұйымын (білім беру бағдарламасын) аккредиттеу жөніндегі тиісті материалдарды Кеңес мүшелеріне, отырыс басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 21 (жиырма бір) күн кешіктірмей жазбаша түрде жолдайды.

5.7 АК отырысы Төрағаны, ал ол болмаған жағдайда– төрағаның орынбасарын қоса, Кеңес мүшелерінің жартысынан артық саны бар болған кезде кворумға жетті деп есептеледі.

5.8 Егер кворум болмаса, Төраға, ал ол болмаған жағдайда– төрағаның орынбасары кезекті отырысты екі апта ішінде шақыртады.

5.9 АК қатысу еркін түрде болып табылады.

5.10 Шешімді қабылдау үшін АК отырыста келесі құжаттарды қарастырады:

- білім беру ұйымының және (немесе) білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебін;

- білім беру ұйымын және (немесе) білім беру бағдарламасын аккредиттеу бойынша ұсыныстармен сыртқы сараптау комиссиясының сыртқы бағалау

қорытындылары бойынша есебін;

- сыртқы сараптау комиссиясы төрағасының тұсаукесер есебін;

- білім беру ұйымының және (немесе) білім беру бағдарламасының аккредиттеуден кейінгі мониторинг шеңберінде сыртқы сараптау комиссиясының ұсыныстарын орындау бойынша есебін;

- сыртқы сараптау комиссиясы төрағасының аккредиттеуден кейінгі мониторинг қорытындылары бойынша тұсаукесер есебін;

- шешімді қабылдау үшін өзге құжаттарды.

5.11 АК ССК ұсынымдарына сәйкес келмейтін шешім қабылдауға құқылы.

5.12 Институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу туралы куәлікті беру, бас тарту, кері шақырту немесе қызмет етуін тоқтату мәселелерін қарастыру үшін, АК отырыстары бұқаралық ақпарат құралдарын, сондай-ақ аккредиттелетін білім беру ұйымдары өкілдерін және АК мүшелері болып табылмайтын тұлғаларды шақырумен өткізілуі мүмкін.

5.13 Аккредиттеу туралы шешімді талқылау кезінде, АК мүшелері болып табылмайтын тұлғалар, немесе аккредиттелетін білім беру ұйымының өкілі немесе мүдделер қайшылығы бар Кеңес мүшесі, отырыс залынан шығуға міндетті.

5.14 Қарастырылған мәселелер бойынша АК шешімдері дауыстардың көпшілігімен ашық дауыс беру арқылы қабылданады (қатысушылар санынан, соның ішінде Кеңес жұмысына онлайн режимде қатысатын).

5.15 Дауыстар тең болған жағдайда Төрағаның, ал ол болмаған жағдайда – оның орынбасарының шешуші дауыс беру құқығы бар.

5.16 АК келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу бойынша:

- аккредиттеу:

1 жыл – критерийлер жалпы сақталған жағдайда, бірақ кейбір кемшіліктер мен жақсарту мүмкіндіктері болған кезде (аккредиттеу түрі мен критерийлер санына байланысты жақсартуды талап ететін критерийлерді бағалау ауқымы 20–30%-дан жоғары болғанда, күшті жақтардың болмауы кезінде)*;

3 жыл – жалпы оң нәтижелер болғанымен, жекелеген елеусіз кемшіліктер мен жақсарту мүмкіндіктері болған кезде (аккредиттеу түрі мен критерийлер санына байланысты жақсартуды талап ететін критерийлерді бағалау ауқымы 10–30% болғанда, күшті жақтар болған жағдайда)*;

5 жыл – жалпы оң нәтижелер болған кезде (аккредиттеу түрі мен критерийлер санына байланысты жақсартуды талап ететін критерийлерді бағалау ауқымы 10–15%-дан аспаған жағдайда, күшті жақтар болған кезде)*;

- аккредиттемеу

Постаккредиттеу мониторингі бойынша: сыртқы сараптау комиссиясының ұсынымдарын орындау жөніндегі есептерді қабылдау;

аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын уақытша тоқтата тұру; аккредиттеу туралы куәлікті кері қайтарып алу.

мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуді кері шақырту.

АК сонымен қатар оның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзге шешімдерді қабылдауға құқылы.

5.17 Отырысты өткізу тәртібі, мәселелер мен талқылаулар, Хатшы жүргізетін, АК отырыс хаттамасында көрсетіледі, сонымен қатар аудио жазба жүргізіледі.

5.18 АК отырысына әр білім беру ұйымы немесе білім беру бағдарламасы жеке қарастырылады және әр білім беру ұйымы немесе білім беру бағдарламасы бойынша жеке қабылданады.

5.19 Қағаз тасымалдаушыларындағы отырыстар хаттамаларына Төраға, ал ол болмаған жағдайда-төрағаның орынбасары, АК хатшысы қол қояды, IAAR құжаттамаларында сақталады.

Хатшы АК отырысының хаттамасында көрсетілген, мәліметтердің толықтығы мен анықтығына жауап береді.

5.20 АК хатшысы отырыс өткізілгеннен кейін әкі апта ішінде Кеңестің барлық мүшелеріне отырыстар хаттамаларының электрондық көшірмелерін таратуы тиіс.

5.21 АК шешімдері аккредиттеу туралы куәлікті дайындау немесе институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеуден бас тарту, қызмет етуін тоқтату немесе куәлікті кері шақырту туралы құжаттарды ресімдеу үшін IAAR -ға ұсынылады.

5.22 Медициналық білім беру ұйымдары (жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім) аккредиттеуден оң өткен жағдайда IAAR АК төрағасы және IAAR директоры қол қоятын, аккредиттеу мерзімдерін көрсетіп аккредиттеуден жетістікпен өту туралы куәлікті береді.

5.23 Білім беру ұйымы аккредиттеуді өткізгеннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімді алады.

Аккредиттеу нәтижелері туралы ақпарат шешімді қабылдау уақытынан бастап 60 күнтізбелік күн ішінде деңгейіне сәйкес аккредиттелген білім беру ұйымдары тарауында IAAR ресми сайтында жарияланады.

5.24 Білім беру ұйымы апелляция берген жағдайда, шешім IAAR апелляция және шағымдарды қарастыру жөніндегі комиссиясы туралы ережеге сәйкес белгіленген тәртіп пен мерзімдерде қабылданады.

6. Аккредиттеу кеңесінің нәтижелеріне шағым беру

6.1 Білім беру ұйымдары институционалдық және (немесе) мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу бойынша АК шешімдеріне IAAR апелляция рәсіміне сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сотта шағым бере алады.